

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 737 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 маусымдағы N 511 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасында Қырғыз Республикасынан цемент жеткізуге қатысты бағалар бойынша міндеттемелер жөнінде келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 737 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасынан цемент жеткізуге қатысты бағалар бойынша міндеттемелер жөніндегі келісімнің жобасында:

5-баптың 3-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Тарапы бастапқы кезең үшін осы Келісімге қол қойылған сәттен бастап қолданылатын Қазақстан Республикасының шекарасына дейінгі көліктік шығыстарды ескере отырып, бір тоннасы үшін 21,06 (жиырма бір АҚШ доллары және алты цент) АҚШ долларына тең бағаны белгілейді. Салық салу тараптардың ұлттық заңнамасына және олар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі";

қорытынды ережелерде "үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген Келісімге 3-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан	Республикасының	Үкіметі
мен	Қырғыз	Республикасының
Үкіметі	арасындағы	Қырғыз Республикасынан
цемент	жеткізуге	қатысты бағалар бойынша
міндеттемелер жөніндегі келісімге 3-қосымша		

Жоспарланған түзетулердің саны	Келіссөздер күні	Қолданылатын бағаның күшіне енетін күні
1		Келісімнің 13-бабының 1-тармағына сәйкес
2	2003 жылғы 1 тамыз	2003 жылғы 1 қыркүйек
3	2003 жылғы 1 қараша	2003 жылғы 1 желтоқсан
4	2004 жылғы 1 ақпан	

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасынан цемент жеткізуге қатысты бағалар бойынша міндеттемелер жөніндегі келісімнің жобасына тиісті өзгерістер енгізуді Қазақстан тарапының мақұлдағаны туралы Қырғыз тарапын хабардар етсін және оған қол қою күні мен орнын келіссін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі "Қырғыз Республикасынан цемент импорты кезінде демпингке қарсы уақытша баж енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 620 қаулысына сәйкес Қырғыз Республикасынан цементтің импорты кезінде демпингке қарсы уақытша баж алу нәтижесінде алынған ақшаны депозиттен республикалық бюджетке енгізісін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасынан цемент жеткізуге қатысты бағалар бойынша міндеттемелер жөніндегі келісім күшіне енген күннен бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармақтан басқа, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*